

*Мұхтар Қапашұлы
Алтынбаев*

2007 ж. қаңтардан — Штаб
бастықтары комитетінің төрағасы
— Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің бірінші
орынбасары.



*Қазақстанның
болашағы туралы
болжамы - «Дамыған
экономикасы және
кәсіби Қарулы
Күштері бар,
өркендеуші құқықтық
демократиялық
мемлекет».*

- **«Халық қаһарманы» Алтын жұлдызы —Қазақстан Республикасы жоғары дәрежелік ерекше белгісі.**

- «Халық қаһарманы» атағы 1993 ж. белгіленген.

- Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі.

- «Халық қаһарманы» атағына ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі тапсырылады.



Марапаттары



1993 жылы ҚР Президентінің жарлығымен белгіленді. Бұл орденмен азаматтардың экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі марапатталады. Дөңгелек пішінді орденнің ортасына Елтаңба бедерленіп, оның астында күннің шапақты сәулесіне ұқсас нақыш және айналдыра көмкерген бидай масағын меңзейтін айшықпен көмкерілген. Елтаңба бейнесінің астында “Отан” деген жазуы бар.

- Бұл орденмен азаматтар
- мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі;
- экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы;
- мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі марапатталады.

Миг-29 ұшағы. Жылдамдығы 75-1500 шақырымға дейін жетеді. мұнда орнатылған К-36 орындығы ұшқыштың тез арада катапультация жасауына мүмкіндік береді.



Су-27. Су-30 ұшақтары



- **Дүниеге келгені: 1945 желтоқсанның 10-ы
Қарағанды қаласы**

- **Мансабы: Штаб бастықтары комитетінің
төрағасы , армия генералы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің
бірінші орынбасары

- **Жұбайы:**

- **Алтынбаева, Гүлбану Рахымбайқызы**

Саяси қайраткер ретіндегі идеалы
- Н.Ә. Назарбаев.

Хоббиі - автомобильдер.

Сүйіп оқитын әдебиеті - классикалық
әдебиет.

Үйленген.

Жұбайы — Гүлбану Рахымбайқызы.

Ұлы — Алтынбаев, Мүслім Мұхтарұлы,
әскери қызметші.

1945 ж. Қарағанды қаласында дүниеге келген.
Қазақ.

1977 ж. — Армавир жоғары әскери ұшқыштар ӘШҚ училищесін бітірді.

1985 ж. — Кеңестер Одағының Маршалы Г.К. Жуков атындағы ӘШҚ Әскери командалық академиясын бітірді. Саяси ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын Қарағанды қаласының шахталарында бастады.

1962 ж. қыркүйегінен 1966 ж. қазанына дейін жұмысшы, шахта қазушысы.

1964 ж. өндіріс пен оқудан қол үзбестен ұшқыштар даярлау жөніндегі Қарағанды авиациялық орталығын бітірді.

- 1965 жылдың желтоқсанынан ААФЖЕК Кинель-Черкасск авиациялық оқу-жаттығу орталығының курсант-ұшқышы. Әскери қызметке қабылданғаннан кейін әр түрлі жауапты басшылық лауазымдарда қызмет атқарды.
- 1972—1975 жж. — авиациялық буынның командирі, авиациялық эскадрилья командирі, истребитель авиациясы полкі командирінің ұшу дайындығы жөніндегі орынбасары.
- 1979 ж. желтоқсанында Уральск әскери округінің истребитель авиациясы полкінің командирі болады. М. Алтынбаевтың қолбасшылығы кезеңінде полкте бір де бір оқыс ұшу оқиғалары болған жоқ және еліміздің Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері арасындағы ең үздігі атанды.
- 1982 ж. тамызынан — Кеңестер Одағының Маршалы Г.К. Жуков атындағы ӘШҚ Әскери командалық академиясының тыңдаушысы.

- 1985—1988 жж. — дивизия командирінің орынбасары, Түркістан әскери округінің әуе шабуылына қарсы қорғаныс дивизиясының командирі.
- 1992 ж. ақпанында Түркістан әскери округінің әуе шабуылына қарсы қорғаныс корпусының командирі болып тағайындалды.
- Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін Мұхтар Қапашұлы өз Отанына оралады және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығына сәйкес құрылған егеменді мемлекеттің Қарулы Күштерінің қалыптасуына белсене қатысады.
- 1992 ж. мамырында ӘШҚ әскерлерінің қолбасшысы — Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары болып тағайындалды.
- 1993 ж. қарашасынан Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы — Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары.

- 1994 ж. қыркүйегінен ҚР әскери-әуе күштерінің қолбасшысы.
- 1996 ж. қазанынан — Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі.
- 2000 ж. наурызынан — Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы.
- 2001 ж. желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болып тағайындалды.